

Ауыл шаруашылығын энергиямен қамтамасыз ету бойынша қызметтегі кәсіби стандартты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 21 қаңтардағы № 20/41 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 21 мамырда № 9452 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № 393 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 20.12.2020 № 393 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2007 жылғы 15 мамырдағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 138-5 бабының 3 тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 сәуірдегі "Кәсіптік стандарттарды әзірлеуге 2013 жылға қаражат бөлу және оны пайдалану қағидаларын бекіту туралы" № 406 қаулысына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН** :

1. Ауыл шаруашылығын энергиямен қамтамасыз ету бойынша қызметтегі кәсіби стандарт бекітілсін.

2. Егіншілік департаменті (А.А. Буць) Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген тәртіппен кәсіби стандартты енгізуге шаралар қабылдасын.

3. Әлеуметтік саясат басқармасы (С.С. Лепешко) осы бұйрықты заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Әлеуметтік саясат басқармасына (С.С. Лепешко) жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

А.Мамытбеков

Келісілген

Қазақстан Республикасы

Еңбек және халықты

әлеуметтік қорғау министрі

Т. Дүйсенова

2014 жылғы 7 сәуір

Ауыл шаруашылығын энергиямен қамтамасыз ету бойынша қызметтегі кәсіби стандарт

1. Жалпы ережелер

1. Ауыл шаруашылығын энергиямен қамтамасыз ету бойынша қызметтегі кәсіби стандарт (бұдан әрі - КС):

1) кәсіби білім беру мен еңбек салалары арасындағы қарым-қатынасты реттеуге;

2) кәсіби қайта даярлау мен біліктілігін көтеруді дайындау бағдарламаларын әзірлеу талаптарының мерзімін белгілеуге;

3) аттестациялау мен сертификаттауда қызметкерлердің құзыреттілігін бағалау талаптарының мерзімін белгілеуге;

4) кәсіби қызметтің мәніне бірыңғай талаптар әзірлеуге, еңбек нарығының заманауи талаптарына жауап беретін біліктілік талаптарын жаңартуға;

5) персоналды басқару саласындағы кең ауқымды міндеттерді шешуге;

6) білім беру стандарттарын, оқу жоспарларын, модульдік оқу бағдарламаларын әзірлеу, сондай-ақ тиісті оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеуге;

7) кәсіби даярлығын бағалаудан өткізу және мамандар біліктіліктерінің сәйкестіктерін растауға арналған.

2. КС негізгі пайдаланушылары:

1) білім беру мекемелері түлектері, жұмысшылар;

2) ұйымдардың басшылары мен жұмысшылары, ұйымдардың персоналды басқару бөлімшелерінің басшылары мен мамандары;

3) білім беру бағдарламаларын әзірлейтін мамандар;

4) мамандардың кәсіби даярлығын бағалау және біліктігіне сәйкестігін растау саласындағы мамандар.

3. КС негізінде кәсіпорындар қызметінің функционалдық үлгілеріне, лауазымына, қызметкерлердің біліктілігін арттыру, аттестациядан өткізу, еңбекке ынталандыру жүйесіне ішкі, корпоративті стандарттар және басқалар әзірленуі мүмкін.

4. Осы КС-да төмендегі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) біліктілік – жұмысшының еңбек қызметінің нақты түрін орындауға кәсіби дайындық дәрежесі;

2) біліктілік деңгейі\білікті деңгейі – атқарылатын жұмыстардың күрделілігі, дербестігі мен жауаптылығы көрінетін қызметкердің біліктілігіне (құзыреттілігіне) қойылатын талаптар деңгейі;

3) еңбек мәні - белгілі бір еңбек құралдарының көмегімен өнім жасау мақсатында қызметкердің іс-қимылы бағытталатын зат;

4) еңбек құралы – қызметкердің еңбек мәнін бастапқы күйден өнімге айналдыру үшін пайдаланатын құралдары;

5) еңбек қызметінің түрі – еңбек функцияларының тұтас жиынтығымен және оларды орындау үшін қажетті құзыреттілікпен құрылған кәсіби қызмет саласындағы құрамдас бөлік;

6) еңбек функциясы – бизнес-процеспен анықталатын және олардың еңбек қызметінің нақты түрінің шеңберінде орындалуы үшін тиісті құзыреттіліктің болуын көздейтін еңбек әрекеттерінің интеграцияланған және тиісінше автономды жиынтығы;

7) кәсіби қызмет саласы – ортақ интеграцияланған негізі (ұқсас және жуық мәндер, объектілер, технологиялар, соның ішінде еңбек құралдары) және еңбек функцияларының ұқсас жиынтығын және оларды орындау үшін құзыреттілікті көздейтін саланың еңбек қызметі түрлерінің жиынтығы;

8) КС – нақты кәсіби қызмет саласындағы еңбек сапасы мен жағдайы, біліктілігі, құзыреттілігі, мазмұны деңгейіне қойылатын талаптарды айқындайтын стандарт;

9) КС бірлігі – осы қызмет түрі үшін тұтас, аяқталған, тиісінше автономды және маңызды болып табылатын нақты еңбек функциясының ашық сипаттамасынан тұратын КС құрылымдық элементі;

10) кәсіп – арнайы дайындықтың, жұмыс тәжірибесінің нәтижесінде пайда болған арнайы білімді, ептілікті және практикалық дағдыларды талап ететін және білімі туралы тиісті құжаттармен нақтыланатын адамның еңбек қызметінің негізгі түрі;

11) құзыреттілік – қызметкердің кәсіби қызметте білімін және іскерлігін қолдану қаблеті;

12) лауазым – лауазымдық өкілеттіктер мен лауазымдық міндеттер шеңбері жүктелген жұмыс берушінің құрылымдық бірлігі;

13) міндет – нақты бір еңбек мәндері мен құралдарын пайдалана отырып еңбек функциясын іске асырумен және нәтижеге қол жеткізумен байланысты іс-қимыл жиынтығы;

14) сала – шығарылатын өнімнің, өндіріс технологиясының, негізгі қорлар мен жұмыс істейтіндердің кәсіби дағдыларының жалпылығы тән кәсіпорындар мен ұйымдардың жиынтығы;

15) салалық біліктілік шеңбері (бұдан әрі - СБШ) – салада құпталатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдалған сипаттамасы;

16) ұлттық біліктілік шеңбері (бұдан әрі - ҰБШ) – еңбек нарығында құпталатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдалған сипаттамасы;

17) функционалдық карта – әр түрлі кәсіби қызметтер саласының шеңберінде белгіленген, қызметкер орындайтын еңбек қызметінің түрінің еңбек функциялары мен кәсіби міндеттерінің құрылымданған сипаттамасы.

2. КС паспорты

5. Экономикалық қызметтің түрі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жіктеушісі 03-2007: 35.13 Электр энергиясын тарату, 35.30 Бу жіберу және ауаны баптау жүйелері.

6. Экономикалық қызмет түрінің негізгі мақсаты: Өсімдік және мал шаруашылықтары өнімдерін дайындау, сақтау және алғашқы өңдеуді жүргізетін, әр түрлі меншік нысанындағы агроөнеркәсіптік бағыттағы кәсіпорындарды (цехтерді) электр энергиясымен үздіксіз қамтамасыз ету.

КС электрмен қамтамасыз ету, газ бен бұды жіберу және ауаны баптау кәсіби қызмет саласында еңбек мәніне, сапасына, жағдайына және қызметкерлердің біліктілігі мен құзыреттілігіне қойылатын талаптарды белгілейді.

7. Қызмет түрлері, кәсіптер, біліктілік деңгейлері осы КС 1-қосымшасында берілген.

Стандарт талаптары қызмет түрлеріне және осы саланың төмендегі кәсіптеріне жатады:

электр монтаждаушы-жөндеуші;

ауыл шаруашылығы кәсіпорнын жылумен қамтамасыз ету инженері;

электрик;

3. Еңбек қызметі (кәсіп) түрлерінің карточкасы

1-параграф. Электр монтаждаушы-жөндеуші

8. СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 3-4.

9. Лауазымның мүмкін атаулары: электр монтаждаушы-жөндеуші.

10. "Электр монтаждаушы-жөндеуші" кәсібі субъектінің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және атқара білуге міндеттейді: ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының электрмен қамтамасыз ету нысандарын және тоғы ауыспалы электр жетегін жөндеу.

11. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланыс осы КС 2-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.

12. Электр монтаждаушы-жөндеушінің еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 2-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.

13. Электр монтаждаушы-жөндеуші орындайтын еңбек функцияларын айқындайтын КС бірліктерінің тізбесі осы КС 2-қосымшаның 3-кестесінде көрсетілген.

14. Электр монтаждаушы-жөндеушінің орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы және еңбек әрекеттері осы КС 2-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.

15. Электр монтаждаушы-жөндеушінің құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар осы КС 2-қосымшасының 5,6-кестелерінде көрсетілген.

2-параграф. Ауыл шаруашылығы кәсіпорнын жылумен қамтамасыз ету инженері

16. СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 5-6.

17. Лауазымның мүмкін атаулары: ауыл шаруашылығы кәсіпорнын жылумен қамтамасыз ету инженері, техник-жылу технигі, бас инженер.

18. "Ауыл шаруашылығы кәсіпорнын жылумен қамтамасыз ету инженері" кәсібі субъектінің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және атқара білуге міндеттейді: жылу қолданылатын қондырғылардың және бекеттердің және жылу желілерінің жағдайын бақылау (олардың жабдықтарын, жұмыс уақытын және мазмұнын), тұтынушылардың жылу энергиясын ұтымды қолдануы.

19. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланыс осы КС 3-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.

20. Ауыл шаруашылығы кәсіпорнын жылумен қамтамасыз ету инженерінің еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 3-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.

21. Ауыл шаруашылығы кәсіпорнын жылумен қамтамасыз ету инженері орындайтын еңбек функцияларын айқындайтын КС бірліктерінің тізбесі осы 3-қосымшаның 3-кестесінде көрсетілген.

22. Ауыл шаруашылығы кәсіпорнын жылумен қамтамасыз ету инженерінің орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы және еңбек әрекеттері осы КС 3-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.

23. Ауыл шаруашылығы кәсіпорнын жылумен қамтамасыз ету инженерінің құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар осы КС 3-қосымшасының 5, 6, 7, 8-кестелерінде көрсетілген.

3-параграф. Электрик

24. СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 5-7.

25. Лауазымның мүмкін атаулары: электрик, техник-электрик, (цехтің, учаскенің) электригі, инженер-электрик, инженер-энергетик, бас электрик.

26. "Электрик" кәсібі субъектінің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және атқара білуге міндеттейді: электр қуатын беру және бөлу, генерациялауға арналған жүйелерді, электр двигательдеріне арналған жүйелерді және басқа электр жабдықтарын жобалауды басқару.

27. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланыс осы КС 4-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.

28. Электриктің еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 4-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.

29. Электрик орындайтын еңбек функцияларын айқындайтын КС бірліктерінің тізбесі осы 4-қосымшасының 3-кестесінде көрсетілген.

30. Бас электриктің орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы және еңбек әрекеттері осы КС 4-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.

31. Электриктің құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар осы КС 4-қосымшасының 5, 6, 7, 8-кестелерінде көрсетілген.

4. КС әзірлеушілері

32. КС әзірлеушісі Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі болып табылады.

33. Келісу парағы, КС сараптамасы мен тіркелуі осы КС 5-қосымшасында көрсетілген.

Ауыл шаруашылығын энергиямен
қамтамасыз ету бойынша қызметтегі
кәсіби стандартының
1-қосымшасы

Қызмет түрлері, кәсіптер, біліктілік деңгейлері

№ р/с	Қызмет түрі атауы	Еңбек нарығы тенденцияларын есепке алғандағы кәсіп атауы	01-2005 Қазақстан Республикасы мемлекеттік кәсіптер жіктеуішісіне сәйкес кәсіптер атауы	СБШ біліктілік деңгейлері
1.	Ауыл шаруашылығын энергиямен қамтамасыз ету	Электр монтаждаушы-жөндеуші	Электр монтаждаушы-жөндеуші	3-4
2.	Ауыл шаруашылығын	Ауыл шаруашылығы кәсіпорнын жылумен қамтамасыз ету инженері Техник-жылу технигі	Ауыл шаруашылығы кәсіпорнын жылумен қамтамасыз ету инженері Техник-жылу технигі	5-6

	энергиямен қамтамасыз ету	Бас инженер	Бас инженер	
3.	А у ы л шаруашылығын энергиямен қамтамасыз ету	(Цехтің, учаскенің) электригі Техник-электрик Инженер-электрик Инженер-энергетик	(Цехтің, учаскенің) электригі Техник-электрик Инженер-электрик Инженер-энергетик	6-7

Ауыл шаруашылығын энергиямен қамтамасыз ету бойынша қызметтегі кәсіби стандартының 2-қосымшасы

1-кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы

Қазақстан Республикасы мемлекеттік кәсіптер жіктеуіші (МКЖ)	
Базалық топ	7137 Электр монтаждаушы-жөндеуші
Қазақстан Республикасы жұмысшылар кәсіптері мен жұмыстарының бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтағышы (БТБА)	
Шығарылым, БТБА тарауы	3-шығарылым, Құрылыс, монтаждау және жөндеу-құрылыс жұмыстары
БТБА бойынша кәсібі	Электр монтаждаушы-жөндеуші
СБШ біліктілік деңгейі	БТБА бойынша разрядтар
3	4-5
4	6

2-кесте. Электр монтаждаушы-жөндеушінің еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша мүмкін жұмыс орындары (кәсіпорын, ұйым)	Өсімдік және мал шаруашылықтары өнімдерін дайындау, сақтау және алғашқы өңдеуді жүргізетін әр түрлі меншік нысанындағы агроөнеркәсіптік бағыттағы кәсіпорындар (цехтер), кооперативтер, жалдама ұжымдар, шаруа қожалықтарының қауымдастықтары, шаруашылық аралық және басқа кәсіпорындар, машина технологиялық станциялары	
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары	Жоқ	
Жұмысқа жіберудің ерекше шарттары	Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес	
С Б Ш біліктілік деңгейі	Кәсіптік білім беру және оқыту деңгейі	Қажетті еңбек тәжірибесі
3	Практикалық тәжірибесіз негізгі орта білім базасында жалпы орта білімі немесе техникалық және кәсіби білімі болған жағдайда практикалық тәжірибе және/немесе кәсіби дайындық (бір жылға дейін кәсіби дайындықты ұйымдастыру базасындағы курстар немесе кәсіпорында оқыту)	Кәсіби дайындығы болған жағдайда талап етілмейді, немесе тәжірибесі 1 жылдан кем емес
4	Жоғары деңгейлі техникалық және кәсіби білім (қосымша кәсіби дайындық), практикалық тәжірибе	3-деңгейдегі жұмыс тәжірибесі 3 жылдан кем емес

3-кесте. Электр монтаждаушы-жөндеуші орындайтын еңбек функцияларын анықтайтын КС бірліктерінің тізбесі

--	--

Еңбек функцияларының шифры	Еңбек функциясының атауы (кәсіби стандарттың бірлігі)
1	Электр машиналарын монтаждауға дайындық жұмыстары
2	Электр машиналарын монтаждау
3	Электр машиналарын монтаждауға дайындық жұмыстары
4	Өндірістік және азаматтық құрылыста релелік қорғаныстардың күрделі түрлерінің құрылысы бар электрмен қамтамасыз ету нысандарын жөндеу

4-кесте. Электр монтаждаушы-жөндеуші орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы

Еңбек функцияларының шифры	Еңбек заттары	Еңбек құралдары	Міндеттер (еңбек іс-әрекеттері)
1	Электр машиналары, электр схемалары	Монтаждау жұмыстарында қолданылатын құралдар мен жабдық	1-1) Құрастырылған түрінде түскен электр машиналарын монтаждауға дайындау
	Электр машиналары, электр схемалары	Монтаждау жұмыстарында қолданылатын құралдар мен жабдық	1-2) Қарапайым өлшеу және сынақ схемаларын құрастыру
2	Электр машиналары, электр схемалары	Монтаждау жұмыстарында қолданылатын құралдар мен жабдық	2-1) Электр машиналарын монтаждау
	Электр машиналары, электр схемалары	Монтаждау жұмыстарында қолданылатын құралдар мен жабдық	2-2) Сынамалар жүргізу және сынамалық іске қосу
	Электр машиналары, электр схемалары	Монтаждау жұмыстарында қолданылатын құралдар мен жабдық	2-3) Қарапайым аппараттар мен аспаптарды бөлшектеу
3	Электр машиналары, электр схемалары	Монтаждау жұмыстарында қолданылатын құралдар мен жабдық	3-1) Құрастырылған түрінде түскен электр машиналарын монтаждауға дайындау
	Электр машиналары, электр схемалары	Монтаждау жұмыстарында қолданылатын құралдар мен жабдық	3-2) Қарапайым өлшеу және сынақ схемаларын құрастыру
4	Электр машиналары, электр схемалары	Монтаждау жұмыстарында қолданылатын құралдар мен жабдық	4-1) Күш трансформатор және қозғалтқышты бағытталған қорғаныш, дифференциал қорғанышпен фидерлерді жөндеу
	Электр машиналары,	Монтаждау жұмыстарында	

электр схемалары	колданылатын құралдар мен жабдық	4-2) Диспетчерлік басқару нысандары және толассыз-көлікті жүйелерді жөндеу
Электр машиналары, электр схемалары	Монтаждау жұмыстарында колданылатын құралдар мен жабдық	4-3) Түрлендіргіш агрегаттарды жөндеу

5-кесте. СБШ біліктіліктің 3-деңгейлі электр монтаждаушы-жөндеушінің құзыреттілігіне қойылатын талаптар

Міндеттер шифры	Тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білімдер
1-1)	Электр монтаждаушы-жөндеуші нәтижелерді өлшеу және оларды басқа адамдармен берілген ауыл шаруашылығын электрмен қамтамасыз ету стандарттарымен емес, өзінің стандарттарымен салыстыру үшін өзінің сапа критерийлерін жасайды	Слесарлық, слесарлық-құрастыру және электр монтаждау жұмыстарын орындау дағдылары Электр жабдығын құрастыру үшін дайындық жұмыстарын жүргізу дағдылары	Қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау қағидалары Релелік қорғаныстардың күрделі түрлерінің құрылысы, мақсаты және әрекет ету қағидаты, оларды жөндеу әдістері
1-2)	Қызметкерлерді дамыту мақсатында нені қалай жасау керектігі туралы нұсқау береді немесе көрсетеді Жұмыста болып жатқан өзгерістерге оңай бейімделеді	Жарық беретін электр қондырғыларын, күш трансформаторларын, электр қозғалтқыштарды жөндеуді орындау іскерлігі	Кабельдердің бүлінген жерін іздеп табуға арналған жоғары вольтті сынау құрылғылары мен аппаратурасының құрылысы
2-1)	Командадан оң нәтижелерді күтеді, командада қабылданған тәртіпті көрсеткен команда мүшелеріне оң кері байланыс береді	Кабельді төсеу, әуе желілерін, сымдар мен арқандарды монтаждау іскерлігі Әр түрлі топтағы нақтылық пен тазалық шеңберінде слесарлық және механикалық өндеуді орындау іскерлігі	Автоматика және жартылай өткізгішті элементтері бар ауыспалы тоқ электр жетектерін жөндеу әдістері
2-2)	Клиенттердің сұрауына, өтінімдері мен шағымдарына жауап береді Өзінің жеке қатысуымен жағдайды зерттейді	Әр түрлі күрделі электр схемаларын оқу іскерлігі Бұйымды құрастыру кезінде қажет есептер мен нобайларды орындау іскерлігі	Тұрақты тоқ машиналарының сипаттамалары
		Технологиялық процеске сәйкес өнеркәсіптік	Релелік-контакторлық басқару схемасы бар

2-3)	Ақпаратты талдай отырып, онда заңдылықтарды, үрдістерді немесе олқылықтарды көреді	кәсіпорындардың электр жабдықтарын жөндеу іскерлігі	тұрақты тоқ электр жетектерін жөндеу білігі
------	--	---	---

6-кесте. СБШ біліктіліктің 4-деңгейлі электр монтаждаушы-жөндеушінің құзыреттілігіне қойылатын талаптар

Міндеттер шифры	Тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білімдер
3-1)	Электр монтаждаушы-жөндеуші нәтижелерді өлшеу және оларды басқа адамдармен берілген ауыл шаруашылығын электрмен қамтамасыз ету стандарттарымен емес, өзінің стандарттарымен салыстыру үшін өзінің сапа критерийлерін жасайды	Слесарлық, слесарлық-құрастыру және электр монтаждау жұмыстарын орындау дағдылары; Электр жабдығын құрастыру үшін дайындық жұмыстарын жүргізу дағдылары	Қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау қағидалары. Релелік қорғаныстардың күрделі түрлерінің құрылысы, мақсаты және әрекет ету қағидаты, оларды жөндеу әдістері
3-2)	Қызметкерлерді дамыту мақсатында нені қалай жасау керектігі туралы нұсқау береді немесе көрсетеді. Жұмыста болып жатқан өзгерістерге оңай бейімделеді. Жаңа мүмкіндіктерді көреді және оларды пайдаланады	Жарық беретін электр қондырғыларын, күш трансформаторларын, электр қозғалтқыштарды жөндеуді орындау іскерлігі	Кабельдердің бүлінген жерін іздеп табуға арналған жоғары вольтті сынау құрылғылары мен аппаратурасының құрылысы
4-1)	Клиенттердің сұрауына, өтінімдері мен шағымдарына ықпал етеді	Электр жабдығы аспаптарының, тораптары мен механизмдерінің схемалары бойынша құрастыру дағдылары	Автоматика және жартылай өткізгішті элементтері бар ауыспалы тоқ электр жетектерін жөндеу әдістері
4-2)	Өзінің жеке қатысуымен жағдайды зерттейді	Жарық беретін электр қондырғыларын, күш трансформаторларын, электр қозғалтқыштарды монтаждауды орындау іскерлігі	Тұрақты тоқ машиналарының сипаттамаларының білігі
4-3)	Ақпаратты талдай отырып, онда заңдылықтарды, үрдістерді немесе олқылықтарды көреді		Релелік-контакторлық басқару схемасы және автоматика элементтері бар тұрақты тоқ электр жетектерін жөндеу әдістері, электр қауіпсіздігінің қорғаныс шаралары, автоматика және жартылай өткізгішті техника негіздері

1-кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы

Қазақстан Республикасы мемлекеттік кәсіптер жіктеуіші (МКЖ)	
Базалық топ	3113 Техник-жылу технигі 2143 Ауыл шаруашылығы кәсіпорнын жылумен қамтамасыз ету инженері 1221 Бас инженер
Ауыл шаруашылығы саласының басшылары мен мамандары лауазымдарының үлгілік біліктілік анықтамалығы (Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2013 жылғы 1 шілдедегі № 17/308 бұйрығымен бекітілді, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2013 жылғы 8 тамызда № 8614 тіркелді)	
СБШ біліктілік деңгейі	Санаттар
4	Техник-жылу технигі – санатсыз, II, I
5	Ауыл шаруашылығы кәсіпорнын жылумен қамтамасыз ету инженері (жоғары білім) - санатсыз, II, I
6	Ауыл шаруашылығы кәсіпорнын жылумен қамтамасыз ету инженері (жоғары оқу орнынан кейінгі білім) - санатсыз, II, I
7	Бас инженер

2-кесте. Ауыл шаруашылығы кәсіпорнын жылумен қамтамасыз ету инженерінің еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсіби бойынша мүмкін жұмыс орындары (кәсіпорын, ұйым)	Өсімдік және мал шаруашылықтары өнімдерін дайындау, сақтау және алғашқы өндеуді жүргізетін әр түрлі меншік нысанындағы агроөнеркәсіптік бағыттағы кәсіпорындар (цехтер), кооперативтер, жалдама ұжымдар, шаруа қожалықтарының қауымдастықтары, шаруашылық аралық және басқа кәсіпорындар, машина технологиялық станциялар	
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары	Жоқ	
Жұмысқа жіберудің ерекше шарттары	Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес	
С Б Ш біліктілік деңгейі	Кәсіптік білім беру және оқыту деңгейі	Қажетті еңбек тәжірибесі
4	Жоғары деңгейдегі техникалық және кәсіби білім (қосымша кәсіби дайындық), практикалық тәжірибе	Санатсыз - жұмыс тәжірибесі талап етілмейді; II санаттағы – санатсыз лауазымда 1 жылдан кем емес; I санаттағы – II санаттағы лауазымда 1 жылдан кем емес
5	Техникалық және кәсіби (орта буын маманы), орта білімнен кейінгі білім, практикалық тәжірибе, немесе жоғары білім	Санатсыз - жұмыс тәжірибесі талап етілмейді; II санаттағы – санатсыз лауазымда 1 жылдан кем емес; I санаттағы – II санаттағы лауазымда 1 жылдан кем емес

6	Жоғары білім (бакалавриат), практикалық тәжірибе	Санатсыз - жұмыс тәжірибесі талап етілмейді; II санаттағы – санатсыз лауазымда 1 жылдан кем емес; I санаттағы – II санаттағы лауазымда 1 жылдан кем емес
7	Жоғары білім, практикалық тәжірибе. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім, практикалық тәжірибе	Жұмыс тәжірибесі 5 жылдан кем емес

3-кесте. Ауыл шаруашылығы кәсіпорнын жылумен қамтамасыз ету инженері орындайтын еңбек функцияларын анықтайтын КС бірліктерінің тізбесі

Еңбек функцияларының шифры	Еңбек функциясының атауы (кәсіби стандарттың бірлігі)
1	Жылу желілері мен пункттерінің, жылу пайдалану құрылғыларының (олардың жабдықтарының, құрамының және жұмыс тәртібінің) жай-күйін бақылау
2	Тұрғын үйлердегі жылыту жүйесін жөндеуді және тазартуды ұйымдастыру
3	Жылу желілері мен пункттерінің, жылу пайдалану құрылғыларының (олардың жабдықтарының, құрамының және жұмыс тәртібінің) жай-күйін бақылау
4	Мал шаруашылығы және басқа да шаруашылық орындарын сумен, жылумен және технологиялық жұппен, тұрғын үйлерді суық және ыстық сумен, жылумен қамтамасыз ету
5	Бу қазандарының, кәріз станциялары мен кәріз жүйелерінің, барлық бөліктердегі ұнғымалардың, жылу трассалары жүйелерінің жұмысын, қазандықтардағы технологиялық тәртіпті қадағалау (қолданыстағы нормалар мен қағидаларды сақтай отырып жылу мен жылу шаруашылығы жабдығын сақтау)

4-кесте. Ауыл шаруашылығы кәсіпорнын жылумен қамтамасыз ету инженері орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы

Еңбек функцияларының шифры	Еңбек заттары	Еңбек құралдары	Міндеттер (еңбек іс-әрекеттері)
1	Жылу желілері, жылу пайдалану қондырғыларының пункттері, бу қазандары, пештері	Жылу желілерімен, қазандармен, пештермен жұмыс істеуге арналған құралдар мен аспаптар	1-1) Жылу желілері мен пункттерінің және жылу пайдалану қондырғыларының жай-күйін бақылайды
	Жылу желілері, жылу пайдалану қондырғыларының	Жылу желілерімен, қазандармен, пештермен жұмыс істеуге	

	пунктері, бу қазандары, пештері	арналған құралдар мен аспаптар	1-2) Анықталған бұзушылықтарды жою бойынша ұсыныстарды береді
	Жылу желілері, жылу пайдалану қондырғыларының пункттері, бу қазандары, пештері	Жылу желілерімен, қазандармен, пештермен жұмыс істеуге арналған құралдар мен аспаптар	1-3) Жылу-күш жабдығын жөндеу және техникалық қызмет көрсету кестелерін қадағалайды
2	Жылу желілері, жылу пайдалану қондырғыларының пункттері, бу қазандары, пештері	Жылу желілерімен, қазандармен, пештермен жұмыс істеуге арналған құралдар мен аспаптар	2-1) Жылыту жүйесін жөндеуді және тазартуды ұйымдастырады
	Жылу желілері, жылу пайдалану қондырғыларының пункттері, бу қазандары, пештері	Жылу желілерімен, қазандармен, пештермен жұмыс істеуге арналған құралдар мен аспаптар	2-2) Қолданысқа жасалған қазандық құрылғыларды алу
3	Жылу желілері, жылу пайдалану қондырғыларының пункттері, бу қазандары, пештері	Жылу желілерімен, қазандармен, пештермен жұмыс істеуге арналған құралдар мен аспаптар	3-1) Жылу желілері мен пункттерінің және жылу пайдалану қондырғыларының жай-күйін бақылайды
	Жылу желілері, жылу пайдалану қондырғыларының пункттері, бу қазандары, пештері	Жылу желілерімен, қазандармен, пештермен жұмыс істеуге арналған құралдар мен аспаптар	3-2) Анықталған бұзушылықтарды жою бойынша ұсыныстарды береді
	Жылу желілері, жылу пайдалану қондырғыларының	Жылу желілерімен, қазандармен, пештермен	

	пункттері, бу қазандары, пештері	жұмыс істеуге арналған құралдар мен аспаптар	3-3) Жылу-күш жабдығын жөндеу және техникалық қызмет көрсету кестелерін қадағалайды
4	Жылу желілері, жылу пайдалану қондырғыларының пункттері, бу қазандары, пештері	Жылу желілерімен, қазандармен, пештермен жұмыс істеуге арналған құралдар мен аспаптар	4-1) Жылу-техникалық су құбыр-кәріз жабдығын пайдалануды және жөндеуді, отынды, жылуды буды шаруашылықта және оның бөлімшелерінде үнемді және ұтымды пайдалануды қамтамасыз етеді
	Жылу желілері, жылу пайдалану қондырғыларының пункттері, бу қазандары, пештері	Жылу желілерімен, қазандармен, пештермен жұмыс істеуге арналған құралдар мен аспаптар	4-2) Тұрғын үйлердегі жылыту жүйесін, сондай-ақ су құбыры мен кәрізді жөндеуді және тазартуды ұйымдастырады
5	Жылу желілері, жылу пайдалану қондырғыларының пункттері, бу қазандары, пештері	Жылу желілерімен, қазандармен, пештермен жұмыс істеуге арналған құралдар мен аспаптар	5-1) Белгіленген тәртіптер бойынша жылу энергетикасы мен отын шаруашылығының (машина-трактор паркінің отын-майлау материалдарынан басқа) жай-күйі бойынша есеп жүргізеді, есеп құжаттамасын жасайды
	Жылу желілері, жылу пайдалану қондырғыларының пункттері, бу қазандары, пештері	Жылу желілерімен, қазандармен, пештермен жұмыс істеуге арналған құралдар мен аспаптар	5-2) Бу қазандарының (мемлекеттік қадағалау объектілері), кәріз станциялары мен кәріз жүйелерінің, барлық бөліктегі ұңғымалардың, жылу трассалары жүйелерінің жұмысын, қазандықтардағы технологиялық тәртіпті бақылайды (қолданыстағы нормалар мен қағидаларды сақтай отырып жылу мен жылу шаруашылығы жабдығын сақтау)

5-кесте. СБШ 5-деңгейлі ауыл шаруашылығы кәсіпорнын жылумен қамтамасыз ету инженерінің құзыреттілігіне қойылатын талаптар

Міндеттер шифры	Тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білімдер
1-1)	Ауыл шаруашылығын электр энергиясымен қамтамасыз ету бойынша тапсырмамен белгіленген нәтижелерге қол жеткізуге арналған жылумен	Теориялық және практикалық білімді пайдалану арқылы кәсіптік проблемаларды әр түрлі, соның ішінде,	Қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау бойынша білім Жоғары білім

	қамтамасыз ету инженерінің түсінігі пен жауапкершілігі	шешімнің баламалы нұсқаларын өздігінен әзірлеп, ұсына алады	және ауыл шаруашылығы саласында энергиямен қамтамасыз ету білімі
1-2)	Ұйым стратегиясы, саясаты мен мақсаты шеңберінде қызмет процесін бақылау қабілеттілігі	Шешу тәсілдерінің көптүрлілігін шешуді және оларды таңдауды болжайтын практикалық міндеттерді шеше алады	Өндірісті технологиялық дайындаудың бірыңғай жүйесін, технологиялық құжаттаманы жобалау, әзірлеу және ресімдеу бойынша стандарттарды, техникалық шарттарды және басқа да нормативтік және басшылыққа алатын материалдарды білу
